

## **Нысаналы мақсаты мен пайдаланылу режимі бойынша аумақтарды айқындай отырып, Сәтбаев қаласы жерлерін аймақтарға бөлу схемасын бекіту туралы**

Қарағанды облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы N 130 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 мамырда N 2323 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Сәтбаев қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Нысаналы мақсаты мен пайдаланылу режимі бойынша аумақтарды айқындай отырып, Сәтбаев қаласы жерлерін аймақтарға бөлу схемасы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау экономикалық реформа, бюджет, коммуналдық шаруашылық және кәсіпкерлікті қолдау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияға (төрағасы Цой Владимир Леонидович) жүктелсін.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы  
Қалалық мәслихат хатшысы

А. Төлендина  
С. Имамбай

Келісілді:

"Сәтбаев қаласының жер  
катынастары бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің  
бастығы


Л. Қараторғаева

2013 жылғы 29 наурыз

Сәтбаев қалалық мәслихатының  
2013 жылғы 29 наурыздағы  
N 130 шешімі  
қосымша

## **Нысаналы мақсаты мен пайдаланылу режимі бойынша аумақтарды айқындай отырып, Сәтбаев қаласы жерлерін аймақтарға бөлу СХЕМАСЫ**

**Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Сәтбаев қалалық мәслихатының 26.12.2019 N 488 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**



## СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ АУМАҒЫНЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ АЙМАҚТАРЫ

Р/н №	Функционалдық аймақтың №-і	Функционалдық аймақтар
1	2	3
1.	I	тұрғын+қоғамдық-іскерлік аймақ
2.	II	шағын және орта бизнестің өндірістік объектілері бар тұрғын аймақ
3.	III	өнеркәсіптік (өндірістік) аймақ
4.	IV	парктер, гүлзарлар аймағы

5.	V	инженерлік және көлік инфрақұрылымы аймағы
6.	VI	режимдік аумақтар аймағы
7.	VII	бағбандық қоғамдар аймағы
8.	VIII	арнайы мақсаттағы аумақтар аймағы
9.	IX	су объектілері аймағы
10.	X	тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің аймағы
11.	XI	бүлінген жерлер аймағы
12.	XII	қоныс аудартуға жататын аймақ
13.	XIII	қала тұрғындарын ауыл шаруашылығы өнімімен қамтамасыз ету жөніндегі әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға арналған ауыл шаруашылығында пайдаланылатын аймақ
14.	XIV	ауыл шаруашылығына пайдаланылатын, резервтегі және өзге де қала құрылысы қызметіне тартылмаған жер аймағы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК